

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 1207 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мына мемлекеттік мекемелері:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі полиция полкі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі мамандандырылған күзет қызметі басқармасы болып қайта құрылу;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Үкіметтік мекемелерді күзету жөніндегі полиция полкі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Үкіметтік мекемелерді күзету жөніндегі мамандандырылған күзет қызметі басқармасы болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесінде:

"1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген бөлімде:
реттік нөмірлері 8 және 9-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі мамандандырылған күзет қызметі басқармасы.

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Үкіметтік мекемелерді күзету жөніндегі мамандандырылған күзет қызметі басқармасы."

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов